

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Балжан Тлеубаева¹, Сералы Тлеубаев²

^{1,2}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(Қазақстан, Шымкент)

Аңдатпа. Локдаун қоғамдық мамандық иелерін кәсіби қызметті ұйымдастырудың және сапалы қызмет көрсетудің жаңа тәсілдерін қайта қарастыруға мәжбүр етті. Бұл үдеріс білім беру жүйесіне, соның ішінде ерекше талаптар қойылатын шығармашылық бағыттарға да елеулі әсерін тигізді. Атап айтқанда, кәсіби хореографиялық дағдыларды онлайн форматта меңгерудің күрделілігі өзекті мәселеге айналды. Зерттеуде әлемдік тәжірибеге негізделген кешенді және салыстырмалы талдау *әдістері*, сондай-ақ жалпы педагогика ғылымының қазіргі жетістіктеріне сүйенген әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Салыстырмалы талдау пандемия жағдайында хореография факультеттерінің жаңа білім беру талаптарына бейімделу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді, ал құрылымдық-семантикалық әдіс өзгерген жағдайларға сай инновациялық оқыту тәсілдерін негіздеуге бағытталды. Зерттеу *нәтижелері* оқыту үдерісін ұйымдастыру формаларын жетілдіру, білім алушылардың тұлғалық әлеуетін дамыту және хореографиялық білім беру саласында қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу мәселелерін талдауға арналды. Зерттеу аясында қазақстандық хореографиялық білім беру жүйесінің ерекшеліктері анықталып, инновациялық технологияларды дамыту бағыттары ұсынылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында пандемия жағдайына бейімделу, аралас және қашықтықтан оқыту формаларын енгізу тәсілдері айқындалды. Зерттеу нәтижелері практикалық маңызға ие болып, жоғары хореографиялық білім берудегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Түйін сөздер: өнер, хореография, қашықтықтан білім беру, оқу процесі, инновациялық технологиялар.

Дәйексөз үшін: Балжан, Тлеубаева, және Сералы Тлеубаев. “Қазақстандағы хореографиялық білім берудегі қашықтықтан оқытудың педагогикалық аспектілері мен даму мүмкіндіктері”. *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, 285–305 б. DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1138

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Кіріспе

Қазіргі әлемде жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Бұл үдерістер әсіресе шығармашылық бағыттағы мамандықтарда айқын сезіледі, өйткені, мұндай салаларда білім беру формалары мен әдістеріне ерекше талаптар қойылады. Хореографиялық білім беру — соның жарқын мысалы. Ол тек теориялық емес, сонымен қатар жоғары деңгейде практикалық машықтарды меңгеруді қажет етеді.

Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесі қазіргі таңда сапалы мамандар даярлауға бағытталған, бұл — ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтап, оны жаңа буынға жеткізу жолындағы маңызды міндет. Хореография саласында осы мақсатқа жету үшін дәстүрлі оқыту түрлері мен қашықтықтан оқытудың үйлесімділігін қамтамасыз ету қажет (Heyang 307). Бұл — студенттердің жеке мүмкіндіктерін ескеріп, заманауи технологияларды пайдалана отырып, олардың кәсіби дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Хореографиялық білім берудегі қашықтықтан оқытуды енгізу тек

мәжбүрлі түрде емес, сонымен қатар оқыту сапасын арттырудың балама тетігі ретінде қарастырылады. Бұл формат хореографиялық пәндердің теориялық мазмұнын меңгеруге, өзіндік жұмыстар мен шығармашылық жобаларды онлайн режимде орындауға жағдай жасайды. Осы орайда, Қазақстандағы хореография бағытындағы жоғары оқу орындарының қашықтықтан оқыту тәжірибесін зерттеу — бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

COVID-19 пандемиясы аяқталғанына қарамастан, қашықтықтан оқыту мәселесі білім беру жүйесінің ғылыми күн тәртібінен толықтай шыққан жоқ. Керісінше, пандемия кезеңінде жинақталған тәжірибе қашықтықтан және аралас оқыту формаларын сыни тұрғыда қайта қарастыруға, олардың педагогикалық әлеуеті мен шектеулерін ғылыми негізде бағалауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақстандағы хореографиялық білім берудегі қашықтықтан оқытудың педагогикалық аспектілері мен даму мүмкіндіктері» тақырыбы қазіргі кезеңде де өзектілігін сақтап отыр.

Хореографиялық білім беру тәжірибесі негізінен практикалық сипатқа ие болғанымен, соңғы жылдары

шетелдік және отандық тәжірибе қашықтықтан оқыту элементтерінің теориялық дайындықты күшейту, қозғалысты талдау дағдыларын дамыту, бейнеталдау мен цифрлық рефлексияны қалыптастыру сияқты бірқатар педагогикалық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Бұл қашықтықтан оқытуды негізгі форма ретінде емес, дәстүрлі оқытуды толықтыратын педагогикалық ресурс ретінде қарастыру қажеттігін алға тартады.

Сонымен қатар, цифрландыру үдерісінің жеделдеуі, білім беру кеңістігінің жаһандануы, халықаралық академиялық ұтқырлықтың артуы және өмір бойы білім алу тұжырымдамасының кеңеюі хореографиялық білім беру жүйесінде икемді оқыту модельдерін енгізуді талап етеді. Қашықтықтан оқыту элементтері шалғай өңірлердегі білім алушылар үшін қолжетімділікті арттыруға, кәсіби біліктілікті жетілдіру курстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ халықаралық тәжірибе алмасуды дамытуға жағдай жасайды.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде қашықтықтан оқытудың хореографиялық білім берудегі педагогикалық аспектілерін ғылыми тұрғыда зерделеу, оның тиімді қолдану шектерін айқындау және даму мүмкіндіктерін анықтау өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Бұл зерттеу пандемия тәжірибесін жай ғана сипаттаумен шектелмей, оны болашақтағы білім беру стратегияларын жетілдіруге бағытталған ғылыми-практикалық негіз ретінде қарастыруымен құнды.

Мақалада қашықтықтан білім беруге қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасалғанымен, қазіргі кезеңде бұл форматты дамытудың қажеттілігі арнайы негіздеуді талап етеді. Біріншіден, пандемиядан кейінгі білім беру кеңістігі тұрақты түрде өзгеріп, икемді әрі бейімделгіш оқыту модельдерін енгізуді міндеттеді.

Екіншіден, цифрландыру үдерісінің жеделдеуі мен білім алушылардың жеке оқу траекториясына деген сұраныстың артуы қашықтықтан және аралас оқыту түрлерін шығармашылық білім беру саласына жүйелі түрде енгізудің өзектілігін айқындайды. Үшіншіден, өңірлік жоғары оқу орындары үшін қашықтықтан оқыту географиялық, материалдық және кадрлық шектеулерді еңсерудің тиімді құралы бола алады.

Хореографиялық білім беру саласында қашықтықтан оқытуды дамыту дәстүрлі практикалық дайындықты толық алмастыруды емес, оны заманауи цифрлық технологиялар арқылы толықтыруды көздеуі тиіс. Бұл бағытта теориялық пәндерді онлайн форматта оқыту, қозғалыс техникасын талдауға арналған бейнематериалдармен жұмыс, виртуалды шеберлік сабақтары, цифрлық кері байланыс құралдарын қолдану және оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыру секілді жолдар тиімді болып табылады. Осылайша, қашықтықтан оқытуды дамыту мәселесі уақытша шара ретінде емес, хореографиялық білім берудің сапасын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық бағыт ретінде ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Көптеген елдерде COVID-19 пандемиясынан кейін қашықтықтан оқыту толықтай тоқтатылған жоқ, керісінше, ол дәстүрлі хореографиялық білім беруді толықтыратын тұрақты педагогикалық құрал ретінде қарастырылуда.

Атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Ресей және Еуропаның бірқатар елдерінде хореографиялық білім беру бағдарламаларына онлайн-платформалар, бейнеталдау технологиялары, цифрлық портфолио және қашықтықтан кері байланыс беру әдістері енгізілуде. Бұл тәжірибелер теориялық дайындықты күшейтуге, қозғалысты талдау қабілетін дамытуға және студенттердің өзіндік оқу жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Шетелдік жоғары оқу орындары мен кәсіби би мектептерінде choreography analysis және movement studies пәндерінің онлайн форматта оқытылуы, орындау техникасын бейнежазба арқылы бағалау, халықаралық мамандардың қатысуымен қашықтықтан шеберлік сабақтарын өткізу, сондай-ақ цифрлық архивтер мен онлайн кітапханаларды пайдалану кеңінен қолданыс тапқан.

Осы тәжірибелерді салыстырмалы-педагогикалық тұрғыда зерделеу Қазақстандағы хореографиялық білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қашықтықтан оқыту хореографияда негізгі форма ретінде емес, дәстүрлі практикалық сабақтарды толықтыратын тиімді педагогикалық ресурс ретінде нәтижелі қолданылады. Әсіресе теориялық пәндерді оқыту, қозғалысты аналитикалық тұрғыда талдау, бейнематериалдар арқылы рефлексия жүргізу және студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда оның педагогикалық әлеуеті жоғары екені дәлелденген.

Хореографиялық оқу орындарының негізгі миссиясы — Қазақстан қоғамының рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін хореографиялық өнер мен мәдениет саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады. Бүгінгі таңда хореографиялық оқу орындарының жетістіктері ретінде — елімізде және Орталық Азия аймағында сұранысқа ие хореографиялық өнер саласындағы кәсіби мамандарды даярлайтын бірегей көпдеңгейлі білім беру жүйесі мен ғылыми-шығармашылық орталықтардың құрылуын атауға болады. Сонымен қатар, хореографиялық білім берудің басты міндеттері — ұлттық кадрларды әр өңірде тәрбиелей отырып, Қазақстанның мәдениеті мен өнерін дамыту мақсатында ішкі нарыққа арналған ұлттық даярлау жүйесін инновациялық технологиялармен дамыту және байыту болып қала береді.

Осы жағдайларда хореографиялық білім беру ұйымдарының құндылықтық контексті келесі бағыттарды біріктіреді:

- жаңа хореографиялық мектеп жағдайында әлемдік классикалық балет мұрасын біріктіру;
- қазақ халық биін ұлттық мәдениет пен қазақ қоғамының ұлттық байлығы ретінде сақтау және дамыту;
- хореографиялық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерді ел ішінде және әлемдік қауымдастықта танымал ету;
- жаһандық әлемде қазақ мәдениетінің бірегейлігін айқындайтын ұлттық мәдени мұраға басымдық беру;
- елдегі мәдени әртүрлілік пен оның рухани-эстетикалық әлеуетіне құрметпен қарау, көпэтносты Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлерін қолдау және дамыту;
- шығармашылық тұлғаның еркіндігі мен мәдени және тұлғалық өзін-өзі білдіру формаларының әр алуандығы;
- мәдениет пен өнерді мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші әрі маңызды ресурсы ретінде тану;
- жаңа білім беру ресурстары, заманауи мәдени кластерлер, оқыту мен кадрлар даярлаудың озық технологиялары негізінде серіктестік орнату.

Бүгінгі таңда қазақстандық хореографиялық білім берудің стратегиялық мақсаттары мыналарды қамтиды: жалпы білім беру жүйесінің жаһандық даму үрдістеріне сәйкес көпдеңгейлі хореографиялық оқыту моделін жетілдіру, хореографиялық өнер саласы бойынша кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру, кәсіби білім, білік және дағдыларды жүйелеу, жинақтау және таратуға бағытталған республикалық ғылыми-әдістемелік орталықтарды дамыту, сондай-ақ, білім алушылардың шығармашылық және тұлғалық әлеуетін

іске асыруға жағдай жасау және оны халықаралық мәдени кеңістікке ілгерілету.

Шығармашылық жоғары оқу орындарының және жекелеген өнер факультеттерінің маңызды міндеттеріне Болон декларациясы қағидаттарын жүзеге асыру негізінде халықаралық және ұлттық стандарттарға сай болу, білім беру, ғылым және өнерді интеграциялау арқылы түлектердің Қазақстанның шығармашылық элитасының ел ішінде және одан тыс жерлерде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін тиімді модель құру жатады.

Зерттеуде қарастырылып отырған қашықтықтан оқыту форматы қазіргі таңда хореографиялық білім беру саласындағы педагогикалық міндеттерді шешудің өзекті әрі қолайлы жолдарының бірі болып отыр. Бұл тұжырымға жалпы пандемия жағдайында хореографиялық білім беру жетістіктерін сақтау және дамыту қажеттілігі себеп болды. Зерттеу нәтижелері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хореография факультетінің отыз жылдық педагогикалық тәжірибесі мен хореографиялық өнер саласы бойынша кадрлар даярлайтын жетекші және аймақтық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастыққа негізделген.

Әдістер

Қашықтықтан оқыту формаларын дамытудың өзектілігі бүгінде әлемнің барлық ЖОО-да белсенді түрде зерттелуде. Бұл білім беру жүйесі Еуропа мен АҚШ-та өткен ғасырдың 70-жылдарының басында-ақ қарқынды түрде дами бастаған.

ТМД елдерінің білім беру жүйесіне жасалған талдау нәтижесінде бұрынғы одақтас республикаларда, соның ішінде Қазақстанда да қашықтықтан оқыту өткен ғасырдың 90-жылдары пайда болғаны анықталды. 1997 жылы

дүниежүзілік ғылыми қауымдастық қашықтықтан білім беру саласында эксперимент жүргізді. Бұл тәжірибеге әлемнің мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдары қатысты. 2000-жылдардың басында қашықтықтан оқыту технологиялары ресми түрде мойындалып, алдымен техникалық және экономикалық бағыттағы жетекші жоғары оқу орындарында, кейінірек гуманитарлық салада қолданыла бастады. Қазақстанда қашықтықтан білім беру соңғы онжылдықта белсенді түрде дамып келеді. Шығармашылық бағыттағы жоғары оқу орындарында бұрын қысқа уақыт қана сырттай оқу түрі болған — ол қашықтықтан оқытудың бастапқы нұсқасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Іс жүзінде қашықтықтан оқытуға қатысты түрлі авторлық әдіснамалық ұстанымдар бар. Зерттеу мен әдіснамалық талдау барысында қашықтықтан оқыту феноменінің ең жалпыланған сипаттамасы айқындалды, оны бірнеше нақты және өзіндік ерекшелігі бар белгілермен сипаттауға болады — бұл интернет, заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар арқылы білім алу немесе «қарым-қатынас, ақпарат және білім беру кеңістігі» ретінде сипатталады (Бородицкая 388).

Зерттеу барысында әлемдік тәжірибеге сүйенген кешенді және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл жекелеген білім беру траекторияларында, соның ішінде хореографиялық өнер және басқа да гуманитарлық бағыттар бойынша қашықтықтан оқытуды қолданудың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Әдістер қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен әдіснамалық жетістіктерге негізделді.

Салыстырмалы әдіс хореографиялық факультеттердің жаңа жағдайларға бейімделу үдерістерін зерттеуге мүмкіндік берді. Структуралық-семантикалық әдіс білім беру жүйесінің жаңа жағдайларына

бейімделген инновациялық тәсілдерді негіздеуге көмектесті. Заманауи авторлардың ғылыми зерттеулерін талдау — техникалық, экономикалық, гуманитарлық және шығармашылық мамандықтардағы оқыту технологияларын үздіксіз жетілдіру мен жаңартудың қажеттілігін көрсетті.

Бақылау, сауалнама әдістері де зерттеуде маңызды рөл атқарды. Әртүрлі курстарда оқитын студенттердің жауаптары мен пікірлері қорытынды нәтижелерді тұжырымдауда ескеріліп, жинақталды. Сонымен қатар, профессорлық-оқытушылар құрамының қызметін және қорытынды аттестаттау нәтижелерін бірнеше жыл бойы бағалау карантин жағдайындағы және объективті жағдайларға байланысты енгізілген қашықтықтан оқыту жүйесінің оң және теріс жақтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Жекелеген авторлардың еңбектері мен гуманитарлық бағыттағы оқу орындарының қызметіне сүйене отырып, қашықтықтан оқыту формасы жаппай үздіксіз өзіндік білім арудың бірыңғай жүйесін құруға, жалпыға ортақ ақпарат алмасуға мүмкіндік беретінін айтуға болады, бұл «уақыттық және кеңістіктік шекараларға тәуелсіз» жүзеге асады (Бородицкая 389).

Әлемдік педагогикалық ғылымның қазіргі жетістіктері мен гуманитарлық бағыттағы білім беру траекторияларының кең ауқымы әрбір білім беру бағдарламасының өз ерекшеліктеріне сәйкес түрлі оқыту формаларын қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ерекшеліктер мамандардың қызмет саласы мен түрлеріне байланысты негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, хореографиялық білім беру, оның мазмұны мен оқыту формалары өзге мамандықтарға қарағанда біршама ерекшеленеді. Бұл зерттеудің мақсаты

— қашықтықтан оқыту жағдайында хореографиялық бағыттағы білім алушының бейімделу мүмкіндіктерін айқындау.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту формасы жаппай үздіксіз өзіндік білім алудың, барлық деңгейдегі ақпарат алмасудың жүйесін құруға мүмкіндік береді (Мао 3). Бұл процесс қазіргі заманғы құралдар арқылы арақашықтықта білім беру ақпаратын алмасу арқылы жүзеге асады. Дегенмен, тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім алушылардың көзқарасы тұрғысынан алғанда, бұл оқыту түрінің артықшылықтары мен кемшіліктері де бар.

Жеке қарқынмен оқу — білім алушының оқу материалын өзінің жеке ерекшеліктері мен құзыреттеріне, сондай-ақ, оқу жағдайлары мен білім алу қажеттіліктеріне байланысты өз қарқынымен меңгеруіне мүмкіндік беретін білім беру тәсілі (Кульбекова 56).

Қашықтық концептісі — қашықтық ұғымы қашықтықтан оқыту теориясында негізгі түсінік болып саналады және тек географиялық кеңістікті ғана білдіріп қоймай, зерттеушілер тарапынан түрліше түсіндіріледі (Скляренко 68).

Қолжетімділік — білім алушы мен білім беру ұйымының географиялық орналасуы мен уақыттық шектеулерден тәуелсіз болуы арқылы білім беру қажеттіліктерін кең ауқымда әрі шектеусіз қанағаттандыруға мүмкіндік беретін маңызды қағида. Алайда, қашықтықтан білім беру бастапқыда оқытушы мен білім алушы арасындағы білім беру үдерісінің тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ететін коммуникативтік ортаның болмауымен сипатталды (Куо 17).

Автордың пайымдауынша, дәстүрлі аудиториялық өзара әрекеттестік пен оқыту үдерісінің табиғи интеграциясы қазіргі инновациялық технологиялар арқылы қалпына келтірілуі мүмкін.

Мобильділік — оқытушы мен білім алушы арасындағы тиімді кері

байланысты жүзеге асыру — білім беру үдерісінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі. Бұл мәселеде америкалық зерттеушілер Майкл Мур мен Борже Холмбергтің ғылыми көзқарасы қызығушылық тудырады. Олардың пікірінше, қашықтықтан оқыту теориясы тек географиялық алшақтықпен емес, екі жақтың өзара әрекеттесу дәрежесімен анықталады. Мысалы, Майкл Мур қашықтық білім алушының дербестігін дамытуға ықпал етеді деп есептейді, дегенмен бұл білімді сәтті меңгеруге кедергі келтіруі де мүмкін (Моог 69).

Профессорлық-оқытушылық құрам тапшылығын өтеу — бұл факторды зерттеуші Галина Бородицкая қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудағы жағымды түс ретінде атап өтеді. Қашықтықтан оқыту форматы білім алушыларға жетекші мамандардан білім алуға, сондай-ақ, ел ішіндегі және шетелдегі беделді жоғары оқу орындарының білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді (Бородицкая 388).

Технологиялық әлеует — білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану (Cleveland-Innes 3).

Зерттеуші Сюзан Гинграссо қашықтықтан оқытудың мәнін дәл осы аспектімен байланыстырады (Gingrasso 30).

Шығармашылық — білім алушыларға шығармашылық қабілетін еркін көрсетуге қолайлы жағдай жасау (Gratsiouні және т.б. 110). Осылайша, жоғарыда аталған артықшылықтарға ие қашықтықтан оқыту қазіргі заман адамының қажеттіліктеріне толық жауап бере алады.

Осы зерттеу аясында авторлар қашықтықтан оқыту технологияларының (ҚОТ) объективті жағдайларға байланысты қатысушыларына айналған студенттер және оқытушылар арасында қалыптасқан пікірлердің жалпы көрінісін

айқындау мақсатында социологиялық сауалнама жүргізді. Алғашқы сауалнама Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Өнер кафедрасында өткізілді.

Сауалнамаға барлығы 12 оқытушы қатысты, бұл білім беру процесіне тартылған педагогтердің 100 пайыздық қамтылуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқан студенттердің саны — 62.

Педагогтердің жалпы санының 95%-ы студенттермен бейнеконференция форматында сабақ өткізген, ал 5%-ы бұл форматты қолданбаған. Онлайн сабақтардың нысаны келесідей үлесте жүзеге асырылған: дәрістер — 80%, практикалық сабақтар — 16%, семинарлар — 4%.

Сауалнама деректері оқытушылар мен студенттер арасындағы интернет байланысының сапасына қатысты әркімге бағалауларды көрсетті. Атап айтқанда, респонденттердің 63%-ы интернет сапасын қанағаттанарлық деп бағаласа, 20%-ы кейбір жағдайларда қанағаттанбайтынын, ал 17%-ы интернет сапасына мүлде қанағаттанбайтынын атап өтті.

Осындай сауалнама, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА хореография факультетінің (Хореография және балетмейстер өнері педагогикасы кафедраларының) оқытушыларына да жүргізілген (Уразымбетов 35). Сауалнамаға қатысқандардың саны — 24 адам, бұл білім беру процесінде жұмыс істейтін оқытушыларды жүз пайыз қамтылуын көрсетеді.

Педагогтердің жалпы санының 75%-ы студенттермен бейнеконференция өткізген, 25%-ы өткізбеген. Онлайн сабақтардың нысаны келесідей пайдаланылды: дәрістер — 79%, практикалық сабақтар — 66%, семинарлар — 25%, сонымен қатар, респонденттердің 8%-ы тек Moodle платформасындағы тапсырмалармен шектелгенін көрсеткен.

Сауалнама көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан оқытушылар мен студенттер арасындағы интернет сапасы қанағаттанарлық деңгейде деп жауап бергендер — 33%, кейбір кезде қанағаттанбайды — 20%, мүлдем қанағаттанбайды — 29%.

Берілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, келесі тұжырымдаманы жасауға болады:

Жүргізілген социологиялық сауалнама қашықтықтан оқыту технологияларының білім беру процесіне жедел енгізілуі оқытушылар мен студенттер үшін бірқатар қиындықтармен қатар, белгілі бір деңгейде бейімделу үдерісін де көрсеткенін айқындайды. Сауалнама нәтижелері оқытушылардың басым бөлігі онлайн форматта, әсіресе дәріс сабақтарын бейнеконференция арқылы өткізуге бейімделгенін дәлелдейді. Алайда практикалық және семинар сабақтарының үлесінің салыстырмалы түрде төмен болуы қашықтықтан оқыту жағдайында тәжірибеге негізделген пәндерді ұйымдастыруда қиындықтар бар екенін көрсетеді.

Заманауи технологияларды хореографиялық білім беру үдерісіне интеграциялау жөніндегі соңғы ғылыми зерттеулерді талдаумен қатар, аталған зерттеу технологияларды қолданудың тиімділігін, әсіресе мобильді құрылғылардың жұмыс істеу ерекшеліктерін және олардың би өнерін оқыту мен меңгерудегі рөлін қарастырады. Зерттеу нәтижелері бастапқы кезеңдегі белгілі бір қиындықтарға қарамастан, технологияларды би сабақтарына енгізу жоғары сынып оқушылары мен педагогтер үшін оң әсер беретінін көрсетті. Атап айтқанда, цифрлық құралдарды пайдалану оқыту үдерісінің сапасын арттырып, білім алушылардың танымдық белсенділігін және педагогтердің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтетіні анықталды (Li және т.б. 187).

Алайда, интернет байланысының сапасы қашықтықтан оқытудың

тиімділігін шектейтін негізгі факторлардың бірі болып отырды. Бірінші сауалнамада интернет сапасына қанағаттану деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, екінші сауалнама нәтижелері интернеттің тұрақсыздығы оқытушылар мен студенттердің оқу үдерісіне толыққанды қатысуына кедергі келтіретінін айқындайды. Бұл айырмашылық оқу орындары мен факультеттер арасындағы техникалық қамтамасыз ету деңгейінің әркелкі екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, қашықтықтан оқыту технологиялары білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз еткенмен, оның тиімділігін арттыру үшін интернет инфрақұрылымын жақсарту, практикалық сабақтарға бейімделген цифрлық әдістемелерді дамыту және оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін одан әрі жетілдіру қажет деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеуде хореографиялық бөлімдерде оқитын білім алушылар үшін қашықтықтан оқытудың қолайсыз жағдайлары мен теріс факторларын қарастыру маңызды аспект болып табылады:

— тікелей қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің болмауы — бұл оқытушы мен білім алушылар арасындағы тірі қарым-қатынас пен өзара ықпалдастықтың жоқтығы, яғни жеке және тұлғалық көзқарас пен тәрбиелік үрдістердің толықтай жойылуы немесе ең аз деңгейге дейін қысқаруы;

— жеке-психологиялық факторлардың әсері — бұл жерде қатаң өзін-өзі тәртіпке келтіру, жоғары деңгейдегі саналылық секілді талаптар қойылады. Бұл аспект тек оқу тәртібін сақтау немесе оқушының тәртібіне қатысты емес, сонымен қатар олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Бұл ерекшеліктер білім алушылардың оқу-шығармашылық үдерісіне деген қатынасынан тәуелсіз түрде де байқалуы мүмкін. Қазіргі

білім беру жүйесінде бұл мәселе дифференциалды тәсілмен шешіледі және ол білім алушылардың тұлғалық қабілеттерін, кәсіби құзыреттерін дамытуға, оларды қазіргі қоғамға бейімдеуге бағытталған;

— ақпарат көздеріне үнемі қол жеткізу және техникалық жабдықталу мәселесі — карантин жағдайындағы тәжірибе көрсеткендей, барлық студенттерде жеке компьютер мен интернетке еркін кіру мүмкіндігі бола бермейді. Жоғары оқу орындарының басшылары білім алушыларды компьютермен және басқа да техникалық құралдармен қамтамасыз ету үшін үлкен күш жұмсағанымен, шалғайда, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын білім алушылар үшін оқытушы мен студент арасындағы толыққанды өзара әрекеттестік мүмкін емес. Сонымен қатар, білім алушылар тәжірибелік сабақтардың жеткіліксіздігін сезінеді. Бұл фактіні көптеген мамандар мен зерттеушілер атап көрсетеді. Хореографиялық білім беру мен басқа да шығармашылық бағыттарға келер болсақ, тәжірибелік сабақтар мен оқытушымен тікелей кеңесусіз маманды толыққанды даярлау, іс жүзінде, мүмкін емес. Бұл аспект шығармашылық білім берудің және хореографиялық өнер саласы бойынша кадрлар даярлаудың ерекшелігін айқындайды. Оқытушылар карантиндік онлайн оқыту режимінде білім алушылар үшін тиімді жағдай жасау мақсатында тәжірибелік сабақтарды бейнетаспаға түсіруге тырысты, түрлі әдістер мен контент жасау тәсілдерін қолданды. Алайда бұл әрекеттердің кәсіби деңгейі төмен болып, күткендей нәтиже бермеді;

— практикалық көрсетілімдегі этикалық мәселелер мен техникалық ақаулар. Мысалы, интернеттің «қатып қалуы», концертмейстердің сүйемелдеуімен білім алушылардың тапсырмаларды орындауы, ал оқытушының сабақты жүргізуі — мұның бәрі үй жағдайында өтеді және

әр қатысушыда интернет жылдамдығы әртүрлі. Мұндай жағдайда музыкалық материалды дұрыс қабылдау, тапсырмаларды сапалы орындау және психологиялық тұрақтылық туралы айту қиынға соғады;

— білім алушыларға бақылаудың болмауы — бұл хореографиялық даярлықта өте маңызды ынталандырушы фактор болып табылады. Балет залындағы оқытушының орындау барысына тікелей бақылауы оқу материалының меңгерілу деңгейінің көрсеткіші, болашақ хореограф-педагогтерді даярлаудағы әдістемелік құрамдас бөлік болып саналады;

Қашықтықтан оқыту үдерісінің теріс сипаттамаларын анықтаумен қатар, зерттеу барысында мынадай тұжырымдар жасалды. Оң және теріс факторларды талдау қашықтықтан оқытудың қосымша хореографиялық білім беру, екінші жоғары білім немесе біліктілікті арттыру саласында неғұрлым қолайлы екенін анықтауға мүмкіндік берді. Себебі, мұндай білім алушылар мамандықтың негіздерін және дәстүрлі күндізгі оқыту дағдыларын меңгерген болады. Зерттеуде келтірілген қорытындылар, ең алдымен, жинақталған тәжірибеге, практикаға және шығармашылық білім беру бағыттары бойынша республикалық оқу-әдістемелік семинарларға қатысу арқылы негізделген.

Мәселен, 2020 жылғы қарашада ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік орталығы педагог-хореографтар мен қосымша білім беру ұйымдарының хореографиялық ұжымдары жетекшілеріне арналған біліктілікті арттыру және қайта даярлау аясында екі апталық қашықтықтан оқытуды ұйымдастырды. Оқуға Қазақстанның барлық өңірлерінен 60-тан астам тыңдаушы қатысты. Аталған курс жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті, дәріс және практикалық курстарға тәжірибелі хореограф-әдіскерлер мен жетекші жоғары оқу орындарының жас зерттеушілері тартылды.

Оқыту барысында қосымша хореографиялық білім беру мазмұны мен хореографиялық пәндердің әрқайсысы бойынша мазмұндық-әдістемелік мәселелер шешілді. Қосымша білім берудің мақсаттары мен педагогикалық міндеттері, балалар хореографиялық шығармалары мен сахналық қойылымдардың репертуарлық саясаты және идеялық-мазмұндық негіздері, педагогикалық этика және тұтынушымен кері байланыс сияқты мәселелер қарастырылды.

Талқылау

Практика көрсеткендей, қашықтықтан оқыту хореографиялық кадрларды даярлау оқу үдерісіне енгізу үшін қолайсыз формат. Дегенмен, білім беру жүйесінің жалпы мүмкіндіктерін ескере отырып, мынадай тұжырымдама ұсынамыз: бұл оқыту түрінің кейбір формалары жоғары оқу орындарының хореографиялық факультеттерінің көпқырлы оқу-шығармашылық үдерісін байытып, белгілі бір педагогикалық жағдайларда, тапсырмалардың жекелеген түрлерін орындау мен білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында оқу материалын меңгеруге жәрдемдесе алады.

Мысал ретінде, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 2025–2026 оқу жылына арналған білім беру үдерісінде онлайн оқыту форматтарын қолдану туралы ресми мәлімдемесін атауға болады. Аталған бастама қашықтықтан білім берудің бірқатар артықшылықтарын айқындайды.

Біріншіден, онлайн оқыту икемді оқу кестесін ұсынады. Студенттер өздеріне ыңғайлы уақытта — түстен кейін, кешкі мезгілде немесе демалыс күндері білім ала алады. Бұл формат білім алушының орналасқан жеріне тәуелсіз оқуға мүмкіндік беріп, білім беру үдерісін оның өмір салтына бейімдейді.

Екіншіден, шығындарды үнемдеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Қашықтықтан оқыту барысында тұрғын үйді жалға алу, жол жүру және басқа да қосымша шығындар қысқарады. Бұл ретте білім беру сапасы сақталып, экономикалық тұрғыдан тиімді жағдай жасалады.

Үшіншіден, онлайн форматты жұмыспен қатар алып жүру мүмкіндігі артады. Оқу материалдары мен дәрістерге тәулік бойы (24/7) қол жеткізу студенттерге негізгі жұмысына зиян келтірмей, тақырыптарды қайта қарастыруға, тереңдетіп меңгеруге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, онлайн оқыту тәжірибелік базаның кеңеюіне жол ашады. Қазақстандық және шетелдік жетекші компанияларда тағылымдамалар мен практикалардан өту мүмкіндігі студенттердің кәсіби тәжірибе жинақтауына және болашақ мансабын ерте бастауына ықпал етеді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында профессор-оқытушы құрамы оқу үдерісін жоспарлап, оқу материалдарын онлайн форматқа бейімдейді, бейнедәрістер және цифрлық платформалар арқылы сабақ өткізеді. Ол студенттердің оқу жетістіктерін бақылап, уақтылы кері байланыс береді және оқу мотивациясын қолдайды. Сонымен қатар, оқытушы жеке оқу траекториясын ескере отырып, білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етеді.

СӨЖ түріндегі барлық сабақтар, диплом жұмыстары бойынша ғылыми жетекшілермен кеңесу, оқытушы мен білім алушы арасындағы дәстүрлі күндізгі қарым-қатынасқа балама ретінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, білім алушылар қойылымдық қызметті жүзеге асыруда өзіндік шығармашылықты дамытып, өзін еркін көрсетуге, түрлі сахналық алаңдарда — шағын сахнадан бастап үлкен сахналарға дейін, студиядан ашық сахналар мен мегаплатформаларға дейін жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

«Хореография» траекториясына келер болсақ, пандемия кезеңінде оқу үдерісін ұйымдастыру барысында білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық цикл пәндері мен кәсіби-теориялық, арнайы пәндер бойынша дәрістік материалды меңгере алатын мүмкіндіктері анықталды. Мұнда дифференциация қағидаты тек кәсіби дайындық деңгейіне қатысты қолданылады. Аталған білім беру траекториясында пререквизит ретінде өнер мектебі немесе қосымша білім беру жүйесіндегі хореографиялық ұжымның тәжірибесі, әсіресе өңірлік ЖОО-да қарастырылуы мүмкін.

Алайда, «Классикалық биді оқыту теориясы мен әдістемесі», «Халық-сахналық биді оқыту теориясы мен әдістемесі» секілді арнайы пәндер үшін қашықтықтан оқыту мүмкін емес. Дегенмен, кейбір шолу сипатындағы тақырыптар кәсіби деңгейі мен білім алушылардың әлеуетін ескере отырып, онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

Қазіргі заманғы білім беру контенті мен кәсіби, соның ішінде хореографиялық білім беру формаларын дамыту жағдайында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізудің баламалы-эксперименттік тәсілдері мен біріктірілген формаларын қолдану қажеттігі туындайды (Tagiao 234). Бұл білім алушылардың өзін-өзі дамытуына, білім беру қызметтерін бірыңғай әрі әмбебап форматта ұсынуға бағытталуы тиіс. Осыған орай, кафедралар мен факультеттер әрбір оқу пәнінің мазмұнын кәсіби талаптар мен білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, құзыретті талдау арқылы әзірлеуі қажет.

Аймақтағы хореографиялық ұжымдармен жүргізілген бақылаулар мен тікелей жұмыс барысында байқағанымыз — дәл осы өңірлерде халықаралық деңгейге сәйкес келетін білім беру мекемелері жеткіліксіз. Осылайша, Қазақстанда қашықтықтан білім берудің өзектілігі бірнеше

факторлармен түсіндіріледі: ғылыми-техникалық орталықтардың ірі қалаларда шоғырлануы, халықтың хореографиялық білім беру мазмұны мен оқыту технологияларына деген сұранысының артуы, нарықтық қатынастардың дамуы, қоғам өмірінің барлық саласының, соның ішінде өнер салаларының да коммерциялануы.

Қазақстандық ғалымдар мен әдіскерлердің зерттеулері, сөзсіз, құнды әрі хореографиялық өнердің маңызды қырларын қамтиды. Дегенмен, кәсіби білім беру, оның ішінде кәсіби хореографиялық білім беру мәселелері де айрықша маңызды екенін атап өткен жөн. Бүгінде жаңа буын балет әртістерін, ансамбль қатысушыларын, жаңа форматтағы режиссерлер мен кәсіби міндеттерді шебер шеше алатын хореограф-педагогтарды даярлау үшін жоғары білікті әмбебап кадрлар қажет. Сондықтан қазіргі уақытта оқыту түрлерін жетілдіру, оқу және педагогикалық қызметтің баламалы форматтарын енгізу аса маңызды.

Зерттеу барысында біз шетелдік ғалымдардың қашықтықтан оқыту мен виртуалды білім беру тәжірибесінен мысалдар келтірдік. Шетелдік тәжірибелерді талдау олардың ең тиімді түрлері коммерцияландыруға негізделгенін және оларды посткеңестік кеңістік пен Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында қолдануға болатындығын көрсетті. Мұндай салыстырмалы интерпретациялардағы мақсат — қашықтықтан оқытуға бейімделген оқу орындарының құрылымдарына баға беру емес. Зерттеушілер бұл құрылымдардың білім беру саясаты мен ұйымдастыру тұрғысынан елеулі артықшылықтарын нақты анықтаған, олар қазіргі білім беру жүйесіндегі кемшіліктермен де тығыз байланысты (Wang және т.б. 15).

Бүгінгі білім беру үдерісі студенттерді көп ақпаратты жаттауға емес, мәселелерді өз бетінше, сыни

тұрғыдан және тиімді шешуге үйретуі тиіс (Hasanova және т.б. 401). Мақала авторлары сондай-ақ, оқыту үдерісінде когнитивтік функцияларды жетілдіру үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Мұндай нәтижеге оқу үдерісінде мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы қол жеткізіледі, ал олармен жұмыс істеу үшін арнайы дайындық қажет. Серб елінің ғалымдары қашықтықтан оқыту мәселесіне арналған зерттеулерінде жетекші университеттерде онлайн оқыту олардың ұзақ мерзімді өсуі үшін өте маңызды екенін көрсетеді және онлайн курстар мен бағдарламаларға сұраныстың артуы дәстүрлі күндізгі оқу форматына қарағанда әлдеқайда жоғары екенін хабарлайды (Bojovic және т.б. 2).

Би кафедрасының доценті Алиса Кардоне «Бұл интернеттегі би туралы әңгімелесудің керемет сәті» деп санайды, өйткені сабақтары әдетте офлайн форматта қол жетімді емес адамдардан (мысалы, эстрада немесе театр жұлдыздары) онлайн сабақ алуға болады (Ritzel 3).

Сонымен қатар, гуманитарлық білім беру бағытындағы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері қазіргі көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда.

«Challenges for Open and Distance Learning (ODL) Students: The Experience of Students at the Open University of Zimbabwe» атты еңбекте авторлар қашықтықтан білім берудің оң сипаттары мен проблемалық факторларын дәл айқындап көрсеткен (Musinga және т.б. 65-66).

Бүгінде академиялық оқытудағы қашықтықтан оқыту форматына байланысты құрылымдық өзгерістер, қандай жетістіктерге немесе тәуекелдерге ие болса да, жалпыға ортақ назарды талап етеді. Алайда, қашықтықтан оқытудың дамып келе

жатқан технологиялық мүмкіндіктеріне қоғамның хабардарлығының төмендігі айқын теріс фактор ретінде танылады. Мұндай жағдайлар академиялық оқыту саласының өзінде де елеулі қиындықтарға алып келуі мүмкін (You 397).

Сондықтан білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді анықтап, оларды жою үшін қашықтықтан білім беру құрылымына тән элементтерді эксперименттік түрде сынақтан өткізу және ішінара енгізу қажет. Сонымен қатар, бұл факторлар тиісті кәсіби-білім беру шешімдерін жүзеге асыруда ескерілуі тиіс.

Негізгі тұжырымдар

Зерттеу нәтижелерін талдау қашықтықтан оқытудың хореографиялық білім беру жүйесінде әмбебап формат ретінде толыққанды қолдануға шектеулер бар екенін көрсетті. Алайда, бұл оқыту түрінің жекелеген элементтері мен формалары жоғары оқу орындарындағы хореография факультеттерінің оқу-шығармашылық үдерісін жетілдіруге және байытуға қабілетті екені анықталды.

Қашықтықтан оқыту, ең алдымен, теориялық, әлеуметтік-гуманитарлық және шолу сипатындағы пәндер бойынша білім алушылардың оқу материалын меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар, ол білім беру үдерісінің икемділігін арттырып, студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруға және кәсіби рефлексиясын дамытуға жағдай жасайды.

Зерттеу барысында аралас және біріктірілген оқыту формаларының хореографиялық білім беру үшін анағұрлым тиімді екені негізделді. Атап айтқанда, қашықтықтан оқыту форматы практикалық дайындықты толық алмастыра алмағанымен, дәстүрлі күндізгі оқытуды толықтыратын баламалы құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл әсіресе шығармашылық тапсырмаларды талдау,

қойылымдық жобаларды жоспарлау, бейнематериалдармен жұмыс істеу және әдістемелік дайындық үдерістерінде өз нәтижелілігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері профессор-оқытушылар құрамының рөлі қашықтықтан оқыту жағдайында айтарлықтай өзгеретінін дәлелдейді. Оқытушы тек білім жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін ұйымдастырушы, модератор, кеңесші және білім алушылардың оқу мотивациясын қолдаушы тұлға ретінде көрінеді. Бұл өз кезегінде педагогтердің цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін арттыру қажеттігін айқындайды.

Осылайша, қашықтықтан оқыту хореографиялық білім беруде дербес әрі толыққанды форма ретінде емес, кәсіби дайындықтың ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен енгізілетін, эксперименттік және вариативті құрамдас бөлік ретінде қарастырылуы тиіс. Негізгі басымдық білім алушының тұлғалық, шығармашылық және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған біріктірілген оқыту модельдерін қалыптастыру болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының аймақтық жоғары оқу орындарындағы хореография факультеттерінің қызметі мен шетелдік білім беру мекемелерінің ұйымдастырылу тәжірибесі қарастырылды. Зерттеу мәселесінің контекстінде авторлар қазақстандық хореографиялық білім берудің ерекшеліктерін негіздеп, оның инновациялық технологияларын дамыту бағыттарын, сондай-ақ пандемия жағдайында еліміздегі хореография факультеттерінің бейімделу әдістерін айқындады.

Зерттеу нәтижелері жоғары хореографиялық білім берудің ерекшеліктерін анықтауға және хореография саласында қашықтықтан

оқыту формасын енгізу жағдайларын қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл формат хореографиялық білім берудің жаңа вариативті құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуда.

Қашықтықтан оқытудың жекелеген түрлері ішінара сынақтан өткізіліп, шығармашылық ЖОО мен факультеттердің білім алушылары және профессор-оқытушылар құрамы тарапынан оң бағасын алды. Бұл хореография факультеттерінің оқу тәжірибесінде қашықтықтан оқыту, жалпы алғанда, мүмкін екенін көрсетеді.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері хореография факультеттерінің тәжірибесіне және педагогикалық қызмет түрлерін ұйымдастыруға келесі бағыттарда қолданылуы мүмкін:

- білім беру бағдарламаларына құрылымдық талдау жүргізу және қашықтықтан оқытуға тән сипаттарды анықтау;

- қашықтықтан оқыту форматы шеңберіндегі оқу түрлерін хореографиялық білім берудің кәсіби ерекшеліктеріне және соларға сәйкес білім беру шешімдеріне бағыттау;

- оқу-шығармашылық үдерісінде оқытудың біріктірілген түрлерін және әр білім беру бағдарламасына дифференциация қолдану;

- білім алушылардың кәсіби деңгейі мен шығармашылық, зияткерлік және тұлғалық әлеуетіне бағытталған теориялық және практикалық жеке тапсырмаларды орындау;

- қашықтықтан оқыту форматындағы жаңа оқу қызмет түрлерін кезең-кезеңімен сынақтан өткізу;

- қашықтықтан оқыту форматындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайларын (магистратура, докторантура) дамыту мүмкіндігі.

Зерттеуде қазақстандық хореографиялық білім беруді дамыту бағыттары, оқытудағы инновациялық технологияларды енгізу ерекшеліктері,

сондай-ақ хореография факультеттерінің жаһандық пандемия жағдайында бейімделу әдістері қарастырылды. Басты бағдар — білім алушы тұлғасының өзі, оның жаңартылған білім беру форматындағы жеке құзыреттіліктерінің қалыптасуы болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі әлеуметтік-қоғамдық жағдайда педагогикалық міндеттерді шешуде қашықтықтан оқыту хореографиялық білім берудің тиімді формаларының бірі ретінде танылады және бұл — білім беру қызметтерін ұсыну түрлерін жетілдірудің маңызды құрамдас бөлігі.

Авторлардың үлесі:

Б.С. Тлеубаева – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, бөлімдерді құрастыру, алынған мәліметтерді жинау және талдау, қорытындыларды дайындау және жазу, мәтін мен аннотацияны өңдеу.

С. Ш. Тлеубаев – респонденттердің пікірлерін жинау, талдау және интерпретациялау, әдебиеттерге шолу дайындау, мәтінді өңдеу, аннотация жасау.

Вклад авторов:

Б. С. Тлеубаева – разработка концепции исследования, составление разделов, сбор и анализ полученных данных, подготовка и написание выводов, редактирование текста и аннотации.

С. Ш. Тлеубаев – сбор, аналитика и интерпретация мнений респондентов, подготовка обзора литературы, редактирование текста, составление аннотации.

Contribution of authors:

Tleubayeva Balzhan – development of the research concept, compilation of sections, collection and analysis of the data obtained, preparation and writing of conclusions, editing of text and abstract.

Tleubayev Seraly – collection, analytics and interpretation of the opinions of respondents, preparation of a literature review, text editing, compilation of abstract.

Дереккөздер тізімі

- Бородицкая, Галина и Пазюк Константин. «Актуальность дистанционного образования в России». *Ученые заметки ТОГУ* 8.1-1, 2017, с. 387–389.
- Bojovic Zivko, et al. *Education in times of crisis: Rapid transition to distance learning*, 2020, May. DOI: 10.13140/RG.2.2.23434.90560.
- Cleveland-Innes Martha, Garrison Randy. *An Introduction to Distance Education: Understanding Teaching and Learning in a New Era*, 2021.
- Gingrasso, Susan. “Practical resources for dance educators! Choreographing our way through COVID-19”. *Dance Education in Practice*, 2020, 6(3), 27–31. DOI: 10.1080/23734833.2020.1791565
- Gratsiouni, Dimitra. Learning and digital environment of dance—The case of Greek traditional dance in YouTube // *European Journal of Open, Distance and E-Learning*. – 2016. – Vol. 19, № 2. – P. 98–113.
- Heyang Tuomeiciren, Rose Martin. A reimagined world: international tertiary dance education in light of COVID-19 // *Research in Dance Education*. – 2021.–Vol. 22, № 3. –P. 306–320. – DOI: 10.1080/14647893.2020.1780206.
- Kuo Yu-Chun. A predictive study of student satisfaction in online education programs. *The International Review of Research in Open and Distance Learning*, 2013, 14(1), 16–39. <https://doi.org/10.19173/irrodl.v14i1.1338>
- Кульбекова, Айгуль. Педагогика профессионального хореографического образования: Монография. А. К. Кульбекова, 2024.
- Li Zihao, et al. “Mobile technology in dance education: A case study of three Canadian high school dance programs.” *Research in Dance Education*, 2018, Vol.19, № 2, pp. 183–196. DOI:10.1080/14647893.2017.1370449.
- Moore, Michael. “The Theory of Transactional Distance.” *The Handbook of Distance Education*, Routledge, 2013, pp. 66–85.
- Mao, Rong. “The design on dance teaching mode of personalized and diversified in the context of internet.” *E3S Web of Conferences*, Vol. 251, EDP Sciences, 2021, pp. 1–5. doi.org/10.1051/e3sconf/202125103059
- Ritzel, Rebecca. *How College Dance Programs Are Adapting to the New Online-Learning Normal* [Электрондық ресурс]. – 2020.–<https://www.dancemagazine.com>
- Sklyarenko, Tatiana. “Foreign concepts of distance education.” *The Education and science journal*, 1.1, 2015, pp. 106–116. doi.org/10.17853/1994-5639-2013-1-106-116

Tariao, Filomar, and Yang Jennifer. "Delivering Face-to-Face Dance Classes in Singapore during the COVID-19 Pandemic." *Journal of Dance Education: National Dance Education Organization ресми басылымы*, 2022, т. 22, № 4, pp. 233–244.

Уразымбетов, Дамир, и Терехова Татьяна. «Высшее хореографическое образование в условиях дистанционного обучения: опыт Казахстана». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 6, № 4, 2021, с. 28–54, doi:10.47940/cajas.v6i4.509.

Musingafi, Maxwell, et al. "Challenges for Open and Distance Learning (ODL) Students: Experiences from Students of the Zimbabwe Open University." *Journal of Education and Practice*, 2015, Vol. 6, No. 18, pp. 59–66.

Hasanova, Jamila, et al. "Digital Technology Development: Distance Education." Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference *Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth*. vol. 138, 2020, pp. 401–404. DOI: 10.2991/aebmr.k.200502.066.

Wang, Yang, et al. "Personal Active Choreographer, a new method to improve learners' performance of hand-waving dance." *IEEE Consumer Electronics Magazine*, 2018, Vol. 7, № 4, pp. 15–25. DOI: 10.1109/MCE.2018.2797619.

You, Yuhui. "Online technologies in dance education (China and worldwide experience)." *Research in Dance Education*, 2020, pp. 396–412. DOI: 10.1080/14647893.2020.183297

References

- Boroditskaya, Galina, Pazyuk Konstantin. «Aktual'nost' distancionnogo obrazovaniya v Rossii» ["The Relevance of Distance Education in Russia."] *Scholarly Notes of TOPGU*, 8.1-1, 2017, pp. 387–389. (In Russian)
- Bojovic Zivko, et al. *Education in times of crisis: Rapid transition to distance learning*. 2020. DOI: 10.13140/RG.2.2.23434.90560.
- Cleveland-Innes Martha, Garrison Randy. *An Introduction to Distance Education: Understanding Teaching and Learning in a New Era*, 2021.
- Gingrasso, Susan. "Practical resources for dance educators! Choreographing our way through COVID-19". *Dance Education in Practice*, 2020, 6(3), 27–31. DOI: 10.1080/23734833.2020.1791565
- Gratsiouni, Dimitra. Learning and digital environment of dance—The case of Greek traditional dance in YouTube // *European Journal of Open, Distance and E-Learning*. – 2016. – Vol. 19, № 2. – P. 98–113.
- Heyang Tuomeiciren, Rose Martin. A reimagined world: international tertiary dance education in light of COVID-19 // *Research in Dance Education*. – 2021.–Vol. 22, № 3. –P. 306–320. – DOI: 10.1080/14647893.2020.1780206.
- Kuo Yu-Chun. A predictive study of student satisfaction in online education programs. *The International Review of Research in Open and Distance Learning*, 2013, 14(1), 16–39. <https://doi.org/10.19173/irrodL.v14i1.1338>
- Kulbekova, Aigul. *Pedagogika professional'nogo khoreograficheskogo obrazovaniya*. Monografiya, 2nd ed., 2024.
- Li Zihao, et al. "Mobile technology in dance education: A case study of three Canadian high school dance programs." *Research in Dance Education*, 2018, Vol.19, № 2, pp. 183–196. DOI:10.1080/14647893.2017.1370449.
- Moore, Michael. "The Theory of Transactional Distance." *The Handbook of Distance Education*, Routledge, 2013, pp. 66–85.
- Mao, Rong. "The design on dance teaching mode of personalized and diversified in the context of internet." *E3S Web of Conferences*, Vol. 251, EDP Sciences, 2021, pp. 1–5. doi.org/10.1051/e3sconf/202125103059
- Ritzel, Rebecca. *How College Dance Programs Are Adapting to the New Online-Learning Normal* [Электрондық ресурс]. – 2020.–<https://www.dancemagazine.com>
- Sklyarenko, Tatiana. "Foreign concepts of distance education." *The Education and science journal*, 1.1, 2015, pp. 106–116. doi.org/10.17853/1994-5639-2013-1-106-116

Tariao, Filomar, and Yang Jennifer. "Delivering Face-to-Face Dance Classes in Singapore during the COVID-19 Pandemic." *Journal of Dance Education: National Dance Education Organization ресми басылымы*, 2022, т. 22, № 4, pp. 233–244.

Urazymbetov, Damir, Terekhova Tatiana. "Higher choreographic education in the context of distance learning: The experience of Kazakhstan." *Central Asian Journal of Art Studies*, 6(4), 2021, pp. 28–54. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i4.509>

Musingafi, Maxwell, et al. "Challenges for Open and Distance Learning (ODL) Students: Experiences from Students of the Zimbabwe Open University," *Journal of Education and Practice*, 2015, Vol. 6, No. 18, pp. 59–66.

Hasanova, Jamila, et al. "Digital Technology Development: Distance Education." Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference "*Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth*." Vol. 138, 2020, pp. 401–404. DOI: 10.2991/aebmr.k.200502.066.

Wang, Yang, et al. "Personal Active Choreographer, a new method to improve learners' performance of hand-waving dance." *IEEE Consumer Electronics Magazine*. 2018, Vol. 7, № 4, pp. 15–25. DOI: 10.1109/MCE.2018.2797619.

You, Yuhui. "Online technologies in dance education (China and worldwide experience)." *Research in Dance Education*. 2020, pp. 396–412. <https://doi.org/10.1080/14647893.2020.183297>

Тлеубаева Балжан, Тлеубаев Сералы

Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ХОРЕОГРАФИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Локдаун вынудил представителей общественных профессий переосмыслить виды профессиональной деятельности и новые способы качественного предоставления услуг. В системе образования эти изменения затронули и творческие направления, поскольку в данной сфере к формам обучения предъявляются особые требования, а освоение профессиональных навыков в онлайн-формате на практике практически невозможно. В исследовании использованы *методы* комплексного анализа, основанные на мировом опыте, сравнительный анализ хореографического образования и других гуманитарных учебных траекторий, а также методологические подходы, базирующиеся на современных достижениях педагогической науки. Сравнительный метод позволил рассмотреть процесс адаптации факультетов хореографии к новым условиям в период пандемии. Структурно-семантический метод способствовал обоснованию инновационных подходов, адаптируемых к изменившимся условиям образовательной системы. *Результаты* авторского исследования направлены на анализ форм организации учебного процесса, вопросов развития личностного потенциала обучающихся и, как следствие, рассмотрение дистанционного формата обучения как одной из инновационных технологий предоставления образовательных услуг в сфере хореографического искусства. В рамках темы исследования обоснованы особенности казахстанской системы хореографического образования, определены направления развития её инновационных технологий. Также были выявлены методы адаптации хореографических факультетов казахстанских вузов к условиям глобальной пандемии и внедрения смешанных форм обучения, включая дистанционное образование. Результаты исследования обладают практической направленностью и ориентированы на решение актуальных задач высшего хореографического образования. В целом, несмотря на то что дистанционное обучение не является новым явлением в системе образования, в сфере хореографического образования этот подход остаётся предметом обсуждения среди специалистов и пока не прошёл полноценной апробации.

Ключевые слова: искусство, хореография, дистанционное образование, учебный процесс, инновационные технологии.

Для цитирования: Тлеубаева, Балжан, и Сералы Тлеубаев. «Педагогические аспекты и перспективы развития дистанционного обучения в хореографическом образовании Казахстана». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №4, 2025, с. 285–305, DOI: DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1138

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Tleubayeva Balzhan, Tleubayev Seraly

M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)

PEDAGOGICAL ASPECTS AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF DISTANCE CHOREOGRAPHIC EDUCATION IN KAZAKHSTAN

Abstract. The lockdown compelled professionals in public-oriented fields to critically reassess their modes of professional activity and the ways in which quality services are delivered. These changes also affected the education system, including creative disciplines, as these areas impose specific requirements on teaching formats, and acquiring professional skills in an online environment is, in practice, nearly impossible. The study employed comprehensive analytical *methods* based on international experience, a comparative analysis of choreographic education and other academic trajectories in the humanities, as well as methodological approaches grounded in the latest achievements of pedagogical science. The comparative method enabled the examination of how choreographic faculties adapted to new conditions during the pandemic. The structural-semantic method contributed to substantiating innovative approaches that could be adapted to the transformed conditions of the educational system. The *findings* of the authors' research are aimed at analyzing forms of organizing the educational process, issues related to the development of students' personal potential, and, as a result, at exploring distance learning as one of the innovative technologies for providing educational services in the field of choreographic art. Within the scope of the research, the specific characteristics of Kazakhstan's choreographic education system were identified, along with directions for the development of its innovative technologies. Moreover, the study outlined the methods used by Kazakhstani universities to adapt their choreographic faculties to the pandemic context and to introduce blended learning formats, including distance education. The results of this research have a practical focus and aim to address current challenges in higher choreographic education. In general, while distance learning is not a new phenomenon in the education system, within the context of choreographic education, it remains a subject of debate among professionals and has not yet undergone full-scale testing.

Keywords: art, choreography, distance education, educational process, innovative technologies.

Cite: Tleubaeva, Balzhan, and Seraly Tleubayev. "Pedagogical aspects and prospects for the development of distance choreographic education in Kazakhstan." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 285–305, DOI: DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1138

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Тлеубаева Балжан Сейдрамановна — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент, Қазақстан)

Тлеубаева Балжан Сейдрамановна — кандидат педагогических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

Tleubayeva Balzhan Seidramanovna — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor Mukhtar Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0003-2392-4161
E-mail: b.tleubayeva@list.ru

Тлеубаев Сералы Шабаетич — философия ғылымдарының докторы, доцент, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент, Қазақстан)

Тлеубаев Сералы Шабаетич — доктор философских наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

Tleubayev Seraly Shabaevich — Doctor of Philosophy (PhD in Philosophy), Associate Professor, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-2781-3197
E-mail: tleubayev63@list.ru